

"Шаруашылық субъектілерінің қызметіне жүргізілетін барлық тексерулердің алғашқы есеп құжаттарын ұсыну және тіркеу тәртібі туралы" Ережесін бекіту және N 83 29 қыркүйек 1999 жылғы ~V990958 Қазақстан Республикасы Бас прокурорының бұйрығының күшін жою туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Бас прокурорының 2000 жылғы 29 желтоқсандағы N 66 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2001 жылғы 27 қаңтарда тіркелді. Тіркеу N 1374. Ескерту. Күші жойылды - ҚР Бас Прокурорының 2002 жылғы 25 сәуірдегі N 27 бұйрығымен. ~V021867

Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасында шағын кәсіпкерлікті дамыту мен қолдаудың 1999-2000 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы" U984189_ N 4189 31 желтоқсан 1998 жылғы Жарлығын орындау мақсатында, Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Шаруашылық субъектілерінде жүргізілетін барлық тексерулердің бірыңғай статистикалық есебін енгізу туралы" 1999 жылғы 1 қыркүйектегі N 1286 P991286_ қаулысына сәйкес, Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының прокуратурасы туралы" Z952709_ , заң күші бар Жарлығының 11-бабын және " Мемлекеттік статистика туралы" Z970098_ Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабын басшылыққа ала отырып,

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Шаруашылық субъектілерінің қызметіне жүргізілетін барлық тексерулердің алғашқы есеп құжаттарын ұсыну және тіркеу тәртібі туралы" Ереже бекітілсін.

2. Құқықтық статистика және ақпарат орталығы (А.Б. Ағманов) Қазақстан

Республикасының Әділет министрлігіне белгіленген тәртіп бойынша Ережені тіркесін.

3. Осы бұйрықпен оған тіркелген Ереже барлық облыс, Астана мен Алматы қалаларының, аудан, қала мен оған теңестірілген прокурорларына орындау үшін жолдансын.

4. Құқықтық статистика және ақпарат орталығы (А.Б. Ағманов) бұқаралық ақпарат құралдарында ресми түрде осы Ережені жарияласын.

5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Бас прокурорының орынбасары А.В. Константиновқа жүктелсін.

Қазақстан Республикасының
Бас прокуроры

Қазақстан Республикасы
Бас Прокурорының
2000 жылғы 29 желтоқсандағы
N 66 бұйрығымен бекітілген

Шаруашылық субъектілерінің қызметіне жүргізілетін барлық тексерулердің алғашқы есеп құжаттарын ұсыну және тіркеу тәртібі туралы

ЕРЕЖЕ

1. Осы Ережелер Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасында шағын кәсіпкерлікті дамыту мен қолдаудың 1999-2000 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы" және " N 4189 U984189_31 желтоқсан 1998 жылғы Жарлығы мен Қазақстан Республикасы Үкіметінің (N 1599 P001599_26 қазан 2000 жылғы өзгерістер мен қосымша бойынша) " Шаруашылық жүргізуші субъектілеріне барлық тексерулердің бірыңғай статистикалық есебін енгізу туралы" P991286_1999 жылғы 1 қыркүйектегі 1286 қаулысына сәйкес әзірленген.

2. Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес бақылау мен қадағалау құқығы бар мемлекеттік органдар (бұдан былай - бақылаушы орган) шаруашылық субъектілеріне жүргізілетін барлық тексеруді тағайындау туралы актілерді (ұйғаруларды, қаулыларды және т.б.) Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының жанындағы құқықтық статистика және ақпарат орталығының аймақтық органдарында (бұдан былай - Тіркеуші орган) тіркеуге міндетті.

Құқықтық статистика және ақпарат орталығының бөлімшелері жоқ қалалар мен аудандардың аймақтарында бақылаушы органдардың актілерін тіркеу қала мен аудан прокурорларына жүктеледі.

Шаруашылық субъектілерінің ынтасымен жүргізілген тексерулер және

кылмыстық істі тергеуге байланысты, шаруашылықтағы тексерулерді тағайындау туралы актілер тіркеуге алынбайды.

3. Тексеруді тағайындау туралы актілердің тіркелуі, тексерістің басталуына дейін Тіркеуші органдарда жүзеге асырылады.

Адамдардың денсаулығы мен өміріне қауіп төндіретін жағдайларды жоюға байланысты, аса қажетті жағдайдағы жүргізілген тексерулер мен заңсыздықтың үстінен түсіп, айғақты бекітетін дәлелдемелердің жойылуына жол бермеу үшін, жедел әрекеттерді қажет ететін тексерулерді, Тіркеу органында алдын-ала тіркеуге мүмкіншілік болмай не болмаса тексеру туралы шешім жұмыстан тыс (демалыс, мейрам, түнгі және сондай-ақ басқа) уақытта қабылданған жағдайда, тіркеу құжаттарын келесі жұмыс күнінен кешіктірмей тіркеуі қажет.

Тексеру жүргізген мемлекеттік орган, тексеру аяқталғаннан кейін, барлық тексеру жүргізген шаруашылық субъектілердің тексеруін есепке алу карточкасына қосымша-талонды тіркеп, бірге ұсынады.

4. Тағайындалған тексеру туралы акті мен белгіленген үлгідегі (1-П нысан) толтырылған есепке алу карточкасын Тіркеуші органға ұсыну жолымен тіркеу жүргізіледі.

Тіркеуші орган бұл құжаттарды алғаннан кейін тексерулерді тағайындау туралы актілерді тіркеу Журналына (бұдан былай - Журнал) жедел түрде тиісті жазу енгізуге міндетті, оған реттік нөмір белгіленіп, ол 1-П нысандағы есептік карточкасының тіркеу нөмірі болып саналады және ол нөмір бақылау органына қайтарылатын актіге қойылады.

5. Бақылау органдарының шаруашылық субъектілеріне тексеріс тағайындау туралы актілерін Тіркеуші орган түрлі себептермен тіркеуден бас тартуға тыйым салынады. Есеп карточкасы мен қосымша - талонның тиісті ресімдері толық жазылмай және ат-үсті толтырылған болса (шаруашылық субъектінің атауы, мекен-жайы, тексерудің атауы және салық төлеушінің тіркеу нөмірі көрсетілмеген жағдайда) мұндай құжаттар тіркелмей, кері қайтарылады.

6. Тіркеуші орган тағайындалған тексерістер жайындағы ақпараттардың құпиялығын сақтауды қамтамасыз етуге міндетті.

Тексеріс тағайындау туралы актіні тіркеуден бас тартылған жағдайда прокуратура және сот органдарына шағымдануға тиісті.

7. Тіркеуші орган шаруашылық субъектілерінің құқықтарының бұзылғанын анықтаған жағдайда, деректерді прокуратура органдарына, заң бұзушылықты жою үшін, дереу хабарлауға міндетті.

8. Шаруашылық субъектілеріне өз мүдделі мәселелері бойынша өтініш етуге мүмкіндік беру үшін ресми бұқаралық ақпарат құралдарында Тіркеуші орган өзінің мекен-жайы және телефон нөмірлерін мезгіл-мезгіл жариялап отыруға міндетті.

9. Алғашқы есеп құжаттарын ұсыну және тіркеу туралы Ереженің тәртібін бұзған лауазым иелері, Заң бойынша белгіленген жауапкершілікке тартылады.

10. 1-П нысандағы есепке алу карточкаларының бланктарымен қамтамасыз ету бақылаушы органдарға жүктеледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК